

№2 педагогикалық кеңес отырысының хаттамасынан үзінді

«Сарат мектеп-бөбекжай- балабақша кешені» КММ

2025 жыл "31" қазан

Төрағасы – Қайдақова Жанар Бекболатқызы

Хатшы – Қожагулова Самал Мергенбаевна

Қатысқандар: 26 адам

Күн тәртібі:

Сарат мектеп бөбекжай балабақша кешені КММ-нің аттестаттау нәтижелері туралы

Мектеп басшысы Ж.Б.Қайдақова мемлекеттік аттестаттауға дайындық барысы туралы (қайта аттестаттау) баяндады. «Ақтөбе облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің қорытындысы бойынша 2025 жылдың 13-17 қазан күндері жүргізілген аттестация қорытындысы бойынша анықталған кемшіліктерді жою жоспарын ұсынды. Осы жоспар негізінде қайта аттестаттаудан өтеміз. Мектеп бойынша барлығы 5 кемшілік анықталды. Атап өтер болсам:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғандығы туралы мәлімет ұсыну.
2. Бекітілген номенклатурасы, 4-қосымша, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар (балалар) болса тиісті деңгейдегі білім алу жоспары, болмаса анықтама, кедергісіз орта құру және білім алушылардың білім беру ұйымына физикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін оқу орнын бейімдеу (пандустар, қоршаулар, тактильді жолдар т.б.) ортасына жағдай жасалғаны туралы, тәрбиеленушілерді қабылдау бойынша ақпараттандыру объектілері арқылы жолдамаларды есепке алу туралы құжаттар, тамақтандыру балалардың жас ерекшеліктері, денсаулық жағдайы бойынша бракераждық комиссия жұмыстары, бұйрықтары т.б іс-шаралар, Ақылы қызметтер көрсетуден түскен қаражат мамандарға жалақы төлеуге, құралдар сатып алуға жұмсалды не болмаса ақылы қызмет жұмыс жасамайтыны туралы анықтама, Аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан 1-2 жастағы балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін мектепке дейінгі ұйымдардың жанынан қысқа мерзімді топтар құру, Балабақшадағы педагогикалық, әдістемелік, қамқоршылық кеңестердің хаттамаларын, жұмыстары, Балаларды қабылдаған кезде ата-аналармен жасалған келсім-шарт ұсыну;
3. Білім беру қызметіне қанағаттану деңгейі анықтау мақсатында педагогтармен ата аналарының сауалнамаларын ұсыну.
4. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі А.Саркытов (еңбек өтілі – 15 жыл), көркем еңбек пәні мұғалімі Т.Сәрсенкалыков (еңбек өтілі 20 жыл), дене шынықтыру пәні мұғалімі С.Қожағұл (7 жыл), көркем еңбек пәні мұғалімі Н.Төралы (еңбек өтілі - 37 жыл), тарих пәні мұғалімі М. Есмағанбетов (еңбек өтілі-9 жыл), тарих пәнінің мұғалімі Ж.Асанбаев (еңбек өтілі- 28 сиретпей жыл) соңғы бес жылда біліктілік санатының деңгейін арттырмаған, Үш жылда бір реттен (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Аманкелдиева А.Б, Жанабаев Р.М. Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың санитариялық қағидаларына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органның санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздігі қорытындысы,

5. «Өмір қауіпсіздігі негіздері» міндетті оқу курсы жылдық оқу жүктемесі бар, оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде 1-3 сыныптарда сағаттан, 4 сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдерінің, 5-9 сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттан дене шынықтыру мұғалімдерінің оқытуымен іске асырылатыны анықталды, алайда 2024-2025 оқу жылында 9 «А» сыныбында дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылатыны анықталмады, талаптарға сәйкес ұсыну.

Аталған кемшіліктерді жою үшін мектепшілік жоспар құрылды. Сол бойынша жауапты мұғалімдер бекітілді. Мемлекеттік аттестаттау нәтижелерінің қорытындысы бойынша кемшіліктерді жою жұмыстарының мерзімі 1 ай. Қайта аттестаттауға байланысты жұмыстарды күшейтуіміз керек. Мектеп әкімшілігі аттестаттау материалдарының толық әрі сапалы әзірленуін қадағалансын.

Қайта аттестаттау үшін берілген қосымша уақытта берілген ұсыныстарды назарға ала отырып, жіберілген кемшіліктермен жұмыс жүргізілгенін хабарлады. Нәтижесінде тиісті құжаттар жинақталып, мектеп сайтына жариялануда. Тәрбие орынбасарларының біліктілігі арттыру курстарына қамтамасыз етілді.

Қаулы:

1. Қайта аттестаттау материалдары сайтқа жүктелсін және жауапты Г.Умбетоваға міндеттелсін
2. Мемлекеттік аттестаттау кезінде жіберілген кемшіліктер бойынша жауапты мұғалімдерге ескерту берілсін.

Ж.Б.Қайдакова
С.М. Кожажулова